

## **2022-2023 оку жылындағы мектептің тәрбие жұмысының талдауы**

Мектебіміз бойынша тәрбие бағыты бойынша жыл басталғалы окушылардың ең бірінші тәртібін бақылау жұмыстар жүргізіліде. Жоспарымызға сәйкес мектеп мұғалімдерімен бірлесе сонымен катар мектепшілік инспектор мен бірге түнгі кезекшіліктер жүргізіліп келеді.

Тәрбие жұмысын жандандыру бойынша әкелер клубы, аналар клубы, мектеп парламенті жұмыстары үйымдастырылды. Дебат клубы үйымдастырумен және жас ұлан окушылары арасында мектеп көшбасшысы откізділді. «Қыздар үйымы» жоспарына сәйкес 9-11 сынып қыздарына Қалиева А. үйымдастырумен мектепшілігімен, мектеп медбикесімен кездесулер үйымдастырылды.

Сонымен катар жоспарымызға сәйкес және білім басқармасы, білім бөлімі келетін қатынастарға негізінде «бала құқығы, адам құқығы» «құқық бұзушылықтын алдын алу» «қауіпсіз интернет» апталықтары откізділді. Жоспарға сәйкес «тәртіпке бас иген құл болмайды» атты тақырыпта 9-11 сыныптардың ер балаларға құқық пәні мұғалімі Алкенова Н. үйымдастырумен, мектеп әкімшілігі, мектеп инспекторы, және де әкелер клубының мүшесі Молбаев А. қатысуымен дөнгелек үстел үйымдастырылды. Білім беру үйымының бақылауына алынған жағдайсыз жанұяның түрмистық жағдайын зерделеу және ата-аналармен түсіндірме жұмыстарын әлеуметтік педагог және сынып жетекшілермен барып танысты. Жоспарға сәйкес қараша айының соңғы аптасында Республика күніне орай 10 күндей жоспары құрылыш, шаралар өз деңгейінде откізділді. АӘД және денешшынықтыру пәні бірлестігінің үйымдастырумен мектеп, ата-ана, окушы арасында жақсы қарым-қатынас орнату, салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында мектеп ата-аналарының II мектепшілік спартакиадасы откізділді. Бағдараламага сәйкес, ата-аналардан құралған 11 команда волейбол, үстел теннисі өзара сынға түсті. «Жақсылық жасап жарысайық» қайырымдылық жәрменкесі үйымдастырылып, «Жанашыр жүрек» атты қайырымдылық концерті откізділді. 31 қазанмен- 6 қараша аралығында күзгі демалыс басталып, 31-04 аралығында Күзгі демалыс кезіндегі шараларды откізу жоспары құрылды. Жоспар бойынша барлық шара откізділді. Ағымдағы жылдың 4 қараша күні «Әкелер жолы - ізгі жол», «Ана-өмір шуағы »такырыбында әкелер клубы мен аналар клубының жиналысы откізділді. Жиналысқа мектеп әкімшілігі, мектеп инспекторі, медбике қатысты.

Мектеп психологиянің үйымдастырумен тренинг откізіп, түрлі ситуациялық сұрақтарға жауап берді. 16 қараша күні облыстық білім беру үйымдарының 7-8 сынып окушылары арасында үлттық мектеп лигасының «Баскетбол» сайысында мектебіміздің ер балаларынан құралған командасты З орынга ие болды. Жетекшісі Қыдырбаев Т. Сағи А. Ағымдағы жылдың 23 қарашасы күні мектебімізге «Мемлекеттік қызмет - елдін мұддесіне адал еңбек» тақырыбында Байғанин ауданы әкімінің орынбасары Жеткізгенов Асет Тлеукабақұлы 9-11 сынып окушыларына ашық сұхбат үйымдастырыды. 25 қараша күні аудандық мәдениет үйінің үйымдастырумен «Күзгі LIVE -2022 ханзадалары мен ханшайымдары байқауы өтті. Байқауга мектебіміздің окушылары Спанов Әділхан мен Жұмабекова Арайлым катысып жүлделі бірінші орынға ие болды. 14 желтоқсан күні ҚР тәуелсіздігіне орай 2-5 сынып окушыларын «Жас Ұлан» бірінғай балалармен жасөспірімдер үйымы катарына қабылдау салтаннаты жиыны өтті. Жиынға аудандық мәслихат депутаты Ахметов Нұрлан Ахтанұлы және аудандық білім бөлімінің әдіскері Қожабаев Елдос Нұрбергенұлы катысты. АӘД пәні мұғалімі Тоқсанбаев Н. Үйымдастырумен 10-11 сынып окушылары арасында «Жас Ұлан» әскері - патриоттық сайысы откізділді.

Қызықи демалыс кезіндегі 31.12-08.01 аралығында шараларды откізу жоспары бекітіліп жұмыстар жоспар бойынша жүргізілді. Окуға құштар мектеп жобасының жылдық жоспары құрылыш бекітілді. Қызықи демалыста окушыларға Республикалық ғылыми-кітапхананың үйымдастырумен «Қыста оқимыз» акциясына 1-11 сынып окушылары катысты. Мектепте қыркүйек айынан бастап 2022-2023 оку жылында окушылардың бос уақытын тиімді үйымдастыру мақсатында 1-11 кластиарында үйірмелер үйымдастырылды. Соның ішінде: Өнер бағытындағы үйірмелер, техникалық үйірмелер. Клуб жұмыстары: «Қамкор» әкелер клубы, жетекшісі Б.Жумин «Асыл ана» клубы жетекшісі

Оңғарбаева А. және де спорттық секциялар. Мектеп оқушыларының бос уақыттарын тиімді пайдалану мақсатында мектеп оқушылары үйірмелерге тартылды. Үйірмеге катысу 85% құрайды. Мектеп оқушылары аудандық спорттық және білім сыйыстарында жүлделі орындармен оралып жүр.

Құқықбұзушылық бойынша аудандық ішкі істер бөлімінде профилактикалық есепте кәмелет жаска толмаған оқушы жок, бірақ отбасылық жағдайларына байланысты үш отбасы есепте түр. Осы отбасының балалары қараусыз, қадағалаусыз калудың алдын-алу мақсатында мектепшілік есепке қойылды сонымен катар 7 оқушы міnez құлқындағы өзгеріске байланысты есепке алынды. Мектеп психологиялары оқушылармен жеке жұмыс жасады.

Ағымдағы жылдың 4 қараша күні Т.Жармагамбетов атындағы орта мектебінде мектеп алды даярлық тобы, 1-11 сынып оқушыларының әкелеріне «Әкелер жолы – ізгі жол» тақырыбында жиналыс өтті, Мектеп директорының тәрбие ісі жоніндегі орынбасары м.а. А.Самурат жыныға катысуши әкелерге «Әкелер мектебі» қоғамдық үйімінің жоспарын, қоғамдық үйімінің төрағасы және мүшшерін таныстырыды. «Әкелер мектебі» қоғамдық үйімінің төрағасы Б.Жумин «Әке – тәрбие мектебі» тақырыбында баяндама оқып, мектеп психологтары С.Сейталина, Г.Ахметалина, Ә.Мерекеқызы психологиялық тренингтер өткізді. 4.11.2022 күні мектебіміздің даярлық тобы, 1-11 сынып оқушыларының аналарына «Ана – өмір шуағы» тақырыбында жиналыс өткізілді. Жиын барысында мектеп директоры А.Р.Тлеулина, мектеп инспекторы Р.Р.Ергалиев баяндама жасап, аналар тарапынан қойылған сауалдарға жауап берді. Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мектеп педагог қызметкерлері мен ата-аналары учаскелік инспектор Р.Р.Ергалиевпен бірге кешкі рейд кезекшілік бойынша жүргізіліп отырды.

«Нашақорлық – қоғам дерті» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары өтті. Мақсаты: жасөспірімдер арасында келенсіз жағдайлар мен жат қылықтардың алдын альп, оқушыларға жан сүлүлігінің маңыздылығын үғындыра отырып, салауатты өмір сұру мәдениетін қалыптастыру.

Т.Жармагамбетов атындағы орта мектебінде қыскы каникул кезінде оқушылардың пайдалану және белсенді қызметтерін үйімдастыру жүйесін жетілдіруге бағытталған қыскы каникул бойынша іс-шараларды үйімдастыру жоспарына сәйкес, 4 қантар күні 9-11 сынып оқушылары арасында баскетбол, волейбол ойындары өткізілді. Және де кітап оқуға құштарлықтарын арттыру мақсатында «Қыста кітап оқимыз» акциясы үйімдастырылды.

Мектеп оқушыларына оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасын жақсарту негізінде оларды адалдыққа, достыққа, шындыққа баулу мақсатында "Қарым-қатынас жаразтығы" тақырыбымен тимбилдинг жұмыстары жүргізілді. Өткізген: мектеп психологі Әсемгүл

2023 жылдың 23 қантар күні дінттану пәні мұғалімі А.К.Әлжановтың үйімдастыруымен Т.Жармагамбетов атындағы орта мектебінде Аудандық ішкі саясат бөлімінің бас маманы, АТТ мүшесі Д.Әділханова, Байғанин аудандық мешітінің ұстазы АТТ мүшесі Д.Күмісбек, "Дін мәселелері және қоғаммен байланыс жөніндегі орталығы" психологы, АТТ мүшесі Т.Дыбысбаевың катысуымен «Оқушылар арасында діни түсініктерді қалыптастыру. Теріс діни бағыттардың зияны» тақырыбында 10-11 сынып оқушыларымен кездесу өтті. Жиын барысында оқушыларға деструктивті діни бағыттардың зияны туралы түсінірме жұмыстары жүргізіліп, орталық мамандары оқушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді.

Т.Жармагамбетов атындағы орта мектебінде 26-қантар күні ата-анамен байланысты нығайту мақсатында ата-аналарға арналған "Ашық есік" күні үйімдастырылды. Ата-аналар балаларының орыс тілі, математика және қазақ тілі сабактарына қатысты.

«Мемлекеттік рәміздер үлттық мактандышымыз» атты кітап көрмесі, сынып сағаттары өткізілді. Мақсаты: оқушылардың рәміздер туралы түсініктерін нығайту және олардың тарихтағы маңызы жайлы түсініктерді дамыту.

Т.Жармагамбетов атындағы орта мектебінде Байғанин ауданының білім бөлімінің үйімдастыруымен "Мерген сарбаз" сайысы өткізілді. Сайысқа аудан әкімінің орынбасары

Ә.Жеткізгенов, білім болімінің басшысы М.Дабысов, аудандық қорғаныс бөлімінің басшысы Сатыбалды Алпысбаев, Қазақстан Республикасы Қарулы Құштері ардагері, запастағы капитан Дауылбаев Мир-Галым Елеусінұлы катысты. "Мерген сарбаз" сайсына 18 мектептен 72 окушы катысып, бақ сынады. Мектебімізден окушыларынан құралған команда байқауда үздік нәтиже көрсетіп, командалық есепте 1-орынды жене алды.

Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінде саналы ғұмырын шәкірт тәрбиелеуге арнаған үлгілі үстаз, ауданның үздік математигі Боранбаев Болат Сәрсенбайұлы еске алуга арналған мұғалімдер арасындағы II мектепшілік волейбол жарысы өтті. Нәтижесінде

Ағылшын тілі/ химия-биология пән бірлестігі - I ОРЫН;

Тарих-география пән бірлестігі - II ОРЫН;

Бастауыш/қазақ тілі пән бірлестігі - III ОРЫН иеленді.

Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінде ер балаларға салмақтылық, әдептілік және жауапкершілік қасиеттерін дәрілтеу мақсатында "Ер азамат атына лайық бол!" Такырыбында жалпы жиналыш, дөңгелек үстел, тәрбие сағаттары ұйымдастырылды. Дөңгелек үстел барысында мектеп директорының оку ісі жөніндегі орынбасары Ш.Қозыбайұлы және А. Әлжанов, АӘД мұғалімі Н. Токсанбаев "Азаматтық ардың ісі" тақырыбында дәрістер оқып, ер азаматтардың бойынан табылу керек қасиеттөр жөнінде ақыл-кенестерімен бөліссе, мектеп психологі Ә.Мерекекізы ер балаларға буллинг және кибербуллинг тақырыбында профилактикалық әңгіме жүргізді.

2023 жылдың 13 наурыз күні мектебімізде Қазақстан Республикасының мәдениет саласының үздігі, Құрмет грамотасының иегері, ақын-сазгер Орал-Қосай Байсенгір және «Ақниет» халықтық отбасылық фольклорлық ансамблінің көркемдік жетекшісі, қазақ авторлар қоғамының мүшесі Әнуарұлы Аскар қонақта болып, Тобық Жармағамбетов атындағы орта мектебіне арнаған «Мектебім мактанышым!» атты мектеп гимнін тарту етіп, тұсаукесері өтті. Салтанатты шара «Жарқын жүздесу» атты бағдарламамен жалғасын тапты. Бағдарлама барысында «Ауылдың балалары» ансамблі автор шығармашылығынан «Біздің ауыл тамаша» әнін шырқады. Кеш қонақтары окушылар тарарапынан қойылған сұрқартарға жауап берді. Салтанатты шарага білім бөлімі басшысы М.К.Дабысов катысып, құттықтау тілегін білдірді.

Байғанин ауданының 95 жылдық мерейтойына арнаған тұған жеріміздің рухани және құнды мұраларын сақтау, окушылардың бойындағы патриоттық сезімді ояту, тұған жерге, елге деген құрмет көрсету мақсатында «Тұған жер – тұнған тарих» атты дөңгелек үстел өткізілді. Кеш қонақтары Байғанин аудандық музейінің директоры Жаулина Лаззат Жұзбайқызы мен «Өлкетану» үйірмесінің жетекшісі Нұрбақыт Алуадинова тұған өлкे тарихымен таныстырып, деректермен бөлісті. Окушыларымыз жерлес ақындарымыздың өлеңдерін мәнерлеп оқып, әсем ән шырқап, домбырашыларымыз күй тартты. Кеш сонында қонақтарға алғыс айттылып, құрмет көрсетілді.

27 мамыр күні Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің талантты, білімді, шығармашыл, спорттық додаларда топ жарған жан-жақты шәкірттерін мараппаттауға арнаған дәстүрлі «Жарық жұлдыз-2023» атты салтанатты шарасы өткізілді. Шара барысында 2022-2023 оку жылында облыстық, республикалық, халықаралық байқауларда топ жарып, білім ордасының абырайын кекке көтергөн талантты шәкірттер мен олардың ата-аналары мектеп директорының арнайы алғыс хатымен мараппатталып, мерекелік кештің күесі болды. Шарага Байғанин аудандық білім бөлімінің басшысы М.К.Дабысов, мектебіміздің «Қамқоршылық кеңес» төрағасы И.Н.Сүйесинов, ата-ардагерлер кеңесінің төрайымы А.О. Оңайбай, аналар комитетінің төрайымы Ш.Қ. Спанова катынасты. Сонымен қатар іс-шара аясында мектебіміздің шәкірттерінің жан-жақты қалыптасуына зор үлес қосқаны үшін ауданымыздың қосымша білім беру үйимдары, мәдениет саласы, құқық қорғау органдары басшыларына Байғанин аудандық білім бөлімі басшысының алғыс хаты табыс етілді.

Жайларды жаз мезгілінің алғашкы күнінде Т.Жармагамбетов атындағы орта мектебіндег мектеп оқушылары үшін оку жылын аяқтау іс-шарасы өткізілді. 1 маусым - Балаларды қорғау күні мерекесіне орай «Бақытты бала - ел болашағы» атты мерекелік шарасы үйімдастырылып, шарада бұлдыршіндер би билеп, мектеп бітіруші шәкіртеріміз әсем ән шырқады.

Мектеп директоры

А.Р.Тлеулина

Директордың тәрбие ісі  
женіндегі орынбасары м.а. Ш.С.Хусайнова

